

Қазақстан Республикасының  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі

Инфляцияға шолу  
2013 жылғы 4-тоқсан

## Мазмұны

Мазмұны .....	2
Негізгі терминдер және ұғымдар .....	3
Графиктердің және кестелердің тізбесі.....	5
Резюме .....	7
2013 жылғы 4-тоқсанның және тұтастай алғанда 2013 жылға арналған инфляция болжамын бағалау .....	7
1. Инфляциялық процестер .....	9
1.1. Тұтыну бағалары.....	9
1.2. Базалық инфляция .....	10
1.3. Экономиканың нақты секторындағы бағалар .....	12
1.3.1. Өнеркәсіп өндірісіндегі бағалар .....	12
1.3.2. Ауыл шаруашылығындағы бағалар .....	13
1.3.3. Кәсіпорындар мониторингі.....	14
2. Инфляция факторлары.....	17
2.1. Жиынтық сұраныс .....	17
2.1.1. Жеке тұтыну және инвестициялық сұраныс .....	17
2.1.2. Мемлекеттік тұтыну .....	19
2.1.3. Сыртқы сектор .....	21
2.2. Өндіріс .....	26
2.3. Еңбек нарығы .....	27
2.3.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық .....	27
2.3.2. Жалақы және өнімділік.....	29
3. Ақша ұсынысы .....	31
3.1. Ақша агрегаттары .....	31
3.1.1. Ақша базасы.....	31
3.1.2. Ақша массасы.....	32
3.1.3. Айналыстағы қолма-қол ақша.....	33
3.2. Қаржы нарығы .....	33
3.2.1. Резиденттердің депозиттері .....	33
3.2.2. Экономикаға кредиттер .....	37
3.2.3. Банкттердің активтері мен міндеттемелері .....	39
3.2.4. Қаржы нарығындағы мөлшерлемелер.....	42
4. Ақша-кредит саясатының құралдары мен операциялары.....	44
4.1. Ішкі валюта нарығындағы интервенциялар .....	45
4.2. Ең төменгі резервтік талаптар .....	46
4.3. Ашық нарық операциялары.....	47
4.4. Тұрақты механизмдер.....	49

## Негізгі терминдер және ұғымдар

### 1-бөлім бойынша. Инфляциялық процестер

**Инфляция** Қазақстан Республикасында Астана және Алматы қалаларында, барлық облыс орталықтарында және қалалар мен аудан орталықтарының таңдаулы топтары бойынша халықтың жеке тұтынуы үшін сатып алынатын тауарлардың және қызмет көрсетулердің бағаларының жалпы деңгейінің өзгеруін сипаттайтын тұтыну бағалары индексі (ТБИ) негізінде есептеледі. Инфляцияны есептеуге арналған тұтыну қоржыны үй шаруашылығы шығыстарының құрылымын көрсетеді және халық тұтынуында неғұрлым үлестік салмаққа ие болып отырған 508 тауар мен қызмет көрсетуді қамтиды.

**Базалық инфляция** – жекелеген әкімшілік, жағдайға байланысты және маусымдылық сипаттағы факторлардың ықпалынан бағаның қысқа мерзімді біркелкі емес өзгеруін болдырмайтын инфляция.

Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі 2004 жылдан бастап мынадай 5 әртүрлі әдістеме бойынша базалық инфляцияны есептеуді жүзеге асырады:

- 1-ші базалық инфляция: көкөніс, жеміс-жидек, бензин және көмір бағасының өсуін есепке алмағандағы инфляция;

- 2-ші базалық инфляция: көкөніс, жеміс-жидек, реттелетін қызмет көрсету және энергия ресурстары бағасының өсуін есепке алмағандағы инфляция;

- 3-ші базалық инфляция: 5 ең жоғары және 5 ең төмен баға өсімдерін есепке алмағандағы инфляция;

- 4-ші базалық инфляция: trimmed mean – ТБИ есептеу кезінде жиынтық салмағы кемінде 8% және 92%-дан асатын құрамдас бөліктер алынып тасталынады, яғни бағасы анағұрлым өзгерген (өскен немесе төмендеген) тауарлар мен қызметтер ескерілмейді;

- 5-ші базалық инфляция: median CPI – ТБИ есептеу кезінде бағалардың өзгеруі бойынша ранжирленген қатардың ортасында болатынды қоспағанда, бағалардың барлық өзгеруі есепке алынбайды, яғни статистикалық медиана. Median CPI жиынтық салмағы 50%-ға тең немесе асатын бірінші құрамдас бөлік бағасының өзгеруіне тең болады.

2002 жылдан бастап Ұлттық Банк жүргізетін **Кәсіпорындар мониторингі** шеңберінде нақты сектор кәсіпорындарының инфляциялық күтулерін зерттеу жүзеге асырылуда. Бұл зерттеу пікіртерім жүргізілген кәсіпорындар басшыларының кәсіпорындардың өндірістік қызметіне қатысты бағаларымен, оның ішінде өткен және алдағы тоқсандағы дайын өнімге және өндірісте пайдаланылатын шикізат пен материалдарға сұраныс және бағаға қатысты сапалық бағаларымен («көтеріледі», «төмендейді», «өзгеріссіз қалады») сипатталады.

**Диффузиялық индекс** кәсіпорындардың «көтеріледі» деген жауаптары үлесінің және кәсіпорындардың «өзгеріссіз» деген жауаптары жартысының үлесі сомасы ретінде шығарылады. Бұл индекс қаралып отырған көрсеткіштің өзгеріс динамикасын сипаттайтын жинақталған индикатор болып табылады. Бұл ретте индекстің 50-ден жоғары мәні көрсеткіштің оң өзгерісін, 50-ден төмен мәні теріс өзгерісін білдіреді.

### 2-бөлім бойынша. Инфляция факторлары

Бюджетке **түсімдерге** кірістер (салық түсімдері, салыққа жатпайтын түсімдер, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер), бюджеттік кредиттерді өтеу, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсімдер кіреді.

Бюджеттің **шығыстары** шығындар (ағымдағы және күрделі), бюджеттік кредиттер, қаржылық активтерді сатып алу болып табылады.

### 3-бөлім бойынша. Ақша ұсынысы

**Ақша базасына** (резервтік ақша) Ұлттық Банктің кассаларындағы қолма-қол ақшаны қоспағанда, Ұлттық Банк айналысқа шығарған қолма-қол ақша (Ұлттық Банктен тыс қолма-қол ақша), банктердің аударылатын және басқа депозиттері, аударылатын банктік емес қаржылық ұйымдардың депозиттері мен мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардың Ұлттық Банктегі теңгедегі ағымдағы шоттары кіреді.

**Тар ақша базасы** банктердің Ұлттық Банктегі басқа депозиттерін есепке алмағандағы ақша базасын білдіреді.

**M1 ақша агрегаты** айналыстағы қолма-қол ақша сомасы және банктік емес заңды тұлғалардың және халықтың теңгедегі аударылатын депозиттері сомасы ретінде есептеледі.

**M2 ақша агрегаты** M1 ақша агрегатына плюс теңгедегі басқа депозиттер және банктік емес заңды тұлғалардың және халықтың шетел валютасындағы аударылатын депозиттеріне тең.

**Ақша массасы (M3)** Ұлттық Банктің және банктердің баланстары шоттарын шоғырландыру негізінде айқындалады. Ол айналыстағы қолма-қол ақшадан және заңды тұлға - резиденттер мен үй шаруашылығы - резиденттердің ұлттық және шетел валютасындағы аударылатын және басқа депозиттерінен тұрады.

**Аударылатын депозиттер** – барлық депозиттер, бұлар: 1) кез келген уақытта номиналы бойынша айыппұлсыз және шектеусіз ақшаға айналдыруға болатын; 2) чектің, траттаның немесе жиро-тапсырмалардың көмегімен еркін аударылатын; 3) төлемдерді жүзеге асыру үшін кеңінен пайдаланылатын депозиттер. Аударылатын депозиттер тар ақша массасының бір бөлігі болып табылады.

**Басқа депозиттерге**, негізінен, белгілі бір уақыт кезеңі өткеннен кейін алуға болатын немесе әдеттегі коммерциялық операцияларға пайдалану үшін қолайлылығын азайтатын әр түрлі шектеулері бар және негізінен жинақ ақшасы тетіктеріне қойылатын талаптарға жауап беретін жинақ және мерзімдік депозиттер жатқызылады. Сонымен қатар, басқа депозиттерге сондай-ақ шетел валютасымен көрсетілген, аударылмайтын салымдар мен депозиттер кіреді.

**KazPrime** индикаторы Қазақстанның банкаралық депозиттерінің KazPrime индикаторын қалыптастыру туралы келісімге қатысушы банктерде банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасын білдіреді. Әрбір баға белгілеуге Келісімге қатысушылардың бірінің депозитіне ақша тарту және орналастыру ставкасы, сондай-ақ ақша орналастыру және тарту көлемі қосылады. Баға белгілеудің ең төменгі көлемі – 150 млн. теңге. Баға белгілеулер арасындағы ең жоғары спрэд – 100 базистік тармақ (жылдық 1,00%). Жобаны іске қосу сәтінде банкаралық депозиттің жүйеленген мерзімі үш ай болады.

### 4-бөлім бойынша. Ақша-кредит саясатының құралдары және операциялары

Ұлттық Банктің Қазақстан қор биржасындағы (ҚҚБ) валюталық сауда-саттықтарға **қатысу коэффициенті** Ұлттық Банктің ҚҚБ-дағы сауда-саттықтың нетто-көлеміне нетто-қатысуының арақатынасы (шетел валютасын сатып алу минус сату) ретінде есептеледі.

**Ақша нарығындағы Ұлттық Банк операцияларының сальдосы** айналыстағы қысқа мерзімді ноталар, банктердің Ұлттық Банктегі депозиттік және корреспонденттік шоттарындағы қалдықтар көлемінің өзгеруі және мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу және сату бойынша нетто-операциялар сомасы ретінде есептеледі.

## Графиктердің және кестелердің тізбесі

### Графиктер

- 1-график. 2013 жылғы инфляция фактісі және болжамы
- 2-график. Тоқсандық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы
- 3-график. Жылдық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы
- 4-график. Тоқсандық инфляцияның және базалық инфляцияның динамикасы
- 5-график. Жылдық инфляцияның және базалық инфляцияның динамикасы
- 6-график. Өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындардың бағалары индексінің динамикасы
- 7-график. Ауылшаруашылығы өнімі бағасы индексінің динамикасы
- 8-график. Сұраныс пен баға өзгерісінің диффузиялық индекстері
- 9-график. Жиынтық сұраныстың құрамдас бөліктерінің ЖІӨ өсуіндегі үлесі
- 10-график. Халықтың шығыстары мен кірістерінің динамикасы
- 11-график. Негізгі капиталға инвестициялардың шығыстар динамикасы
- 12-график. Мемлекеттік бюджеттің орындалуы
- 13-график. Мемлекеттік бюджеттің орындалуы (жылдық көрсетілімде)
- 14-график. Металдардың әлемдік бағасының динамикасы
- 15-график. Мұнайдың (Брент), бидайдың (АҚШ) әлемдік бағасының динамикасы
- 16-график. Ағымдағы операциялар шотының балансы
- 17-график. Теңгенің нақты айырбас бағамдарының индекстері
- 18-график. Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналдық айырбастау бағамының динамикасы
- 19-график. Теңгенің еуроға және ресей рубліне шаққандағы ресми бағамының динамикасы
- 20-график. Нақты ЖІӨ-нің өсуіне экономиканың негізгі салаларының үлесі
- 21-график. Экономикалық белсенді халықтың құрылымы
- 22-график. Нақты жұмыссыздық деңгейі
- 23-график. Еңбек өнімділігінің және нақты жалақының динамикасы
- 24-график. Ақша агрегаттарының динамикасы
- 25-график. Ақша мультипликаторының және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы
- 26-график. Депозиттердің және мерзімді депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің динамикасы
- 27-график. Заңды тұлғалардың депозиттерінің өзгеру динамикасы
- 28-график. Жеке тұлғалардың депозиттерінің өзгеру динамикасы
- 29-график. Экономикаға кредиттер және олар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің динамикасы
- 30-график. Заңды тұлғаларға берілген кредиттердің динамикасы
- 31-график. Халыққа берілген кредиттердің динамикасы
- 32-график. Банктердің активтерінің динамикасы
- 33-график. Банк активтерінің құрылымы
- 34-график. Банктердің міндеттемелерінің динамикасы
- 35-график. Банктердің міндеттемелерінің құрылымы
- 36-график. KazPrime индикаторының динамикасы және ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі
- 37-график. РЕПО операциялары бойынша мөлшерлемелер динамикасы
- 38-график. Ұлттық Банк мөлшерлемелері дәлізінің шекаралары
- 39-график. Банктердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттардағы қалдықтары
- 40-график. Ішкі валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі

- 41-график. Ұлттық Банктің Қазақстан қор биржасындағы қатысу коэффициенті
- 42-график. Ең төменгі резервтік талаптар нормативінің орындалуы
- 43-график. Қысқа мерзімді ноттарды орналастыру көлемі және олар бойынша кірістілік
- 44-график. Айналыстағы қысқа мерзімді ноттар
- 45-график. Ұлттық Банк тартқан депозиттер бойынша сыйақы көлемі және мөлшерлемелері
- 46-график. Ұлттық Банктің банктерден тартылған депозиттері бойынша өтелмеген міндеттемелерінің көлемі
- 47-график. Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру қарыздарының көлемі
- 48-график. Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру қарыздары бойынша өтелмеген міндеттемелерінің көлемі

### **Кестелер**

- 1-кесте. Баға индекстерінің және сауда талаптарының өзгеруі
- 2-кесте. Ұлттық Банктің активтері мен пассивтерінің өзгеру динамикасы
- 3-кесте. Ақша массасының өзгеру динамикасы
- 4-кесте. Резиденттер депозиттерінің өзгеру динамикасы

## Резюме

2013 жылғы 4-тоқсанда жылдық инфляция қарқынының баяулауы байқалды. 2013 жылдың қорытындылары бойынша жылдық инфляция 4,8% құрады, бұл соңғы 15 жыл ішіндегі жылдық инфляцияның ең төмен көрсеткіші болып табылады. 2013 жылғы инфляция, негізінен азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы өсуінің төмен қарқыны аясында маусымдық факторлардың және ақылы қызметтерге тарифтердің өсуі ықпалымен қалыптасты. Тұтастай алғанда, 2013 жылы тұтыну нарығында ахуал тұрақты болып қалды. Ауыл шаруашылығында жалпы көлемнің өсуі ішкі азық-түлік нарығындағы қолайлы жағдайдың сақталуына ықпал етеді.

2013 жылғы 4-тоқсанда инфляция 1,5% деңгейінде қалыптасты (2013 жылғы 3-тоқсанда – 0,6%), бұл 2012 жылғы 4-тоқсандағыдан 0,5% төмен. 2013 жылғы 4-тоқсанда, оның ішінде тоқсанның аяғындағы тұтыну сұранысының кеңеюіне байланысты тұтыну тауарларының жекелеген түрлеріне бағаның артуы байқалды.

2013 жылғы 4-тоқсанда инфляцияның қалыптасуы монетарлық факторлардың ең аз әсер етуі аясында болды. Экономикаға ақша ұсынысының негізгі көрсеткіші болып табылатын ақша массасы 2013 жылғы қазан-желтоқсанда 0,4% ұлғайып, 11600,9 млрд. теңгені құрады, ақша базасы 2822,4 млрд. теңгеге дейін 1,5% кеңейді. Жалпы алғанда ақша ұсынысы жылдық есептеумен экономиканың қажеттілігіне сәйкес келеді және оның көлемі экономиканың одан әрі өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің алдын ала ресми деректері бойынша ЖІӨ нақты өсуі 2013 жылы 6,0%-ды құрады.

Экономиканың нақты секторы тұрақты қарқынмен дамуда. Өнеркәсіп өндірісі 2013 жылы нақты көрсетуде 2,3%, оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібі мен карьерлер өндіру 3,1%, өңдеуші өнеркәсіп 1,6%-ға өсті. Ауыл шаруашылығының өсуі осы кезеңде 11,6%, құрылыс - 3,0%, жүк айналымы – 3,8% құрады.

2013 жылғы 4-тоқсанда Ұлттық Банк ақша-кредит саясатын іске асыру мақсатында ақша нарығында теңгелік қысқа мерзімді өтімділікті реттеуге бағытталған операцияларды жүргізуді жалғастырды. Ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі 2013 жылғы 4-тоқсанда өзгермей, жылдық 5,5% деңгейде (2012 жылғы тамыздан бастап) болды.

Банктердің Ұлттық Банктің эмиссияланатын бағалы қағаздарына сұранысы шектеулі болып қалды. Мәселен, 2013 жылғы қазан-желтоқсанда шығарылған қысқа мерзімді ноттардың көлемі 2,0 млрд. теңгені құрады, бұл 2012 жылғы осындай кезеңге қарағанда 36 есе төмен. Бұл ретте 2013 жылғы қазан-желтоқсанда қысқа мерзімді ноттарды шығару жүзеге асырылған жоқ. Сондай-ақ банктерден тартылған депозиттердің көлемі осы кезеңде 304,0 млрд. теңгеге дейін 40,5% төмендеді.

Банктердегі жалпы депозиттер 2013 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 0,2% (2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 12,2%) төмендей отырып, 2013 жылғы желтоқсанда 10088,6 трлн. теңгені құрады. Бұл ретте жеке тұлғалардың депозиттері көлемінің өсуі 15,8% құрады.

Экономиканы кредиттеу 2013 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2013 жылғы желтоқсанда 12291,5 млрд. теңгеге дейін 3,3% өсті. Халыққа берілген кредиттер көлемінің өсуі көрсетілген кезеңде 5,2% құрады.

### **2013 жылғы 4-тоқсанның және тұтастай алғанда 2013 жылға арналған инфляция болжамын бағалау**

2013 жылғы 4-тоқсанда инфляцияның нақты қалыптасқан деңгейі (1,5%) инфляцияның «Инфляцияға шолудың» өткен шығарылымында жарияланған



болжамдық мәнінен (2,6-2,8%) төмен болып қалыптасты. Тоқсан бойы нақты инфляция болжамнан төмен болды.

2013 жылғы 4-тоқсанда бағаның негізгі өсімі азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарларға тиесілі болды. Олардың құрылымында жұмыртқа, сүт өнімдері, балық және балық өнімдері, киім, аяқ-киім, бензин сияқты тауарларға бағаның өсуін атап өткен жөн. Ақылы қызметтердің қымбаттауы анағұрлым баяу қарқынмен жүрді. Алайда олардың құрылымында тұрғын үй коммуналдық қызметтің, оның ішінде суық сумен және ыстық сумен жабдықтау тарифтерінің өскендігін атап өту керек.


Тұтастай алғанда 2013 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда инфляциялық процестердің қалыптасуы бірінші кезекте халыққа ақылы қызметтің қымбаттауы аясында болды. Азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны тек 2013 жылдың 4-тоқсанында өзгеше болғанымен 2013 жылы қалыпты болды.

2013 жылы жұмыртқа, балық және балық өнімдері сияқты тауарлар мен қызметтердің, тұрғын үй коммуналдық сала қызметінің, оның ішінде суық сумен және электр энергиясымен жабдықтау, медициналық қызмет, мәдениет және білім беру мекемелерінің қызметтері, көлік қызметтері бағасының анағұрлым елеулі өсу қарқыны байқалды.

Инфляцияның жылдық көрсетілген нақты деңгейі 2013 жылдың қорытындысы бойынша 4,8% құрады, бұл Ұлттық Банк 2013 жылға белгілеген мақсатты көрсеткіштен (6,0-8,0%) төмен (1).

1-график

### 2013 жылғы инфляция фактісі және болжамы



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі




## 1. Инфляциялық процестер

### 1.1. Тұтыну бағалары

2013 жылғы 4-тоқсанда тоқсандық инфляцияның маусымдық жылдамдатылуы байқалды, ол 1,5% деңгейде қалыптасты (2012 жылғы 4-тоқсанда – 2,0%), ал 2013 жылғы 3-тоқсанда 0,6% белгіде болды. 2013 жылғы қазан-желтоқсанда инфляция негізінен азық-түлік тауарларына бағаның 1,7% (2,1%) өсуі есебінен қалыптастырылды. Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 2013 жылғы 4-тоқсанда 0,5% (1,3%) өсті, ақылы қызметтерге тарифтер 1,1% (2,6%) өсті (2).

2-график

**Тоқсандық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы (өткен кезеңге %-бен)**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

2013 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2013 жылғы желтоқсанда азық-түлік тауарларының ішінде көбіне жұмыртқа – 31,0%, ұнтақ жармасы – 5,7%, ірімшік – 4,8%, сары май – 4,1%, балық және балық өнімдері – 2,8%, қызылша – 2,8%, арпа жармасы – 2,2% қымбаттады. Оған қоса, темекі өнімдерінің бағасы 7,6%-ға өсті. Көрсетілген кезеңде қарақұмық жармасы – 5,9%, күнбағыс майы – 2,0%, сәбіз – 5,7%, пияз – 5,4%, картоп – 2,7%, сондай-ақ қант – 2,8% арзандады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында 2013 жылғы қазан-желтоқсанда киім мен аяқ киімнің бағасы 2,0%, оның ішінде аяқ-киім – 2,1%, сыртқы киім – 1,9%, маталар бағасы 1,4%, сонымен қатар дәрі-дәрмек бағасы – 1,3%, үй тұрмысында пайдаланылатын заттар – 1,0%-ға өсті. Бензиннің құны – 1,9%, дизель отынының құны – 0,7% көтерілді.


2013 жылғы 4-тоқсанда ақылы қызмет көрсету құрылымында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтерінің ақысы 3,4% көтерілді. Бұл ретте суық су мен кәріз үшін ақы – 4,0%, тұрғын үй жалдау ақысы – 3,2%, ыстық су – 1,7%, тұрғын үйді ұстау – 1,3% өсті. Сондай-ақ көлік қызметінің бағасы 0,5% (әуе көлігі қызметінің 2,2%, автомобиль көлігі қызметінің 0,4% қымбаттауы есебінен), медициналық қызмет

көрсету бағасы – 1,2%, сондай-ақ мейрамханалар мен қонақ үйлер қызметтерінің бағасы – 1,5% өсті.

2013 жылғы желтоқсанда инфляция жылдық көрсетумен 4,8%-ды құрады (2012 жылғы желтоқсанда – 6,0%). 2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2013 жылғы желтоқсанда азық-түлік тауарлары 3,3% (5,3%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 3,3% (3,5%-ға), ақылы қызмет көрсетулер 8,0% (9,3%-ға) қымбаттады (3).

3-график

**Жылдық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы (алдыңғы жылдың тиісті айына %-бен)**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

**1.2. Базалық инфляция**

2013 жылғы 4-тоқсанда базалық инфляцияның көрсеткіштері өткен тоқсанмен салыстырғанда анағұрлым жоғары деңгейде қалыптасты. Бұл ретте базалық инфляция 2012 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда базалық инфляцияның барлық көрсеткіштері бойынша анағұрлым төмен өсу қарқынын көрсетті. Бұл ретте базалық инфляцияның барлық көрсеткіштері 2-ші базалық инфляцияны қоспағанда, жалпы инфляцияның деңгейінен асқан жоқ (4). Бұл базалық инфляцияны есептеу кезінде алып тасталынатын жекелеген тауарлар мен қызмет бағасының өсуінің жоғары қарқынымен байланысты. Атап айтқанда, оларға жанар-жағар май материалдарын, тұрғын үй коммуналдық саланың қызметтерін жатқызуға болады.

4-график

**Токсандық инфляцияның және базалық инфляцияның динамикасы (өткен кезеңге %-бен)**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

Базалық инфляцияның жылдық көрсетудегі көрсеткіштері 2013 жылғы 4-тоқсанда бәсеңдеді (5). 1, 2 және 3-ші базалық инфляция қарашада біршама баяулады, желтоқсанда қайта жылдамдатылды. Бұл ретте тек 1-ші базалық инфляция 2013 жылдың қорытындылары бойынша жалпы инфляцияның мәнінен асты, ал базалық инфляцияның қалған көрсеткіштері анағұрлым төмен деңгейде қалыптасты.

2013 жылғы желтоқсанның қорытындысы бойынша базалық инфляцияның жылдық көрсетудегі барлық көрсеткіштері 2012 жылғы желтоқсанның көрсеткіштерімен салыстырғанда неғұрлым төмен деңгейде қалыптасты. Бұл монетарлық факторлардың инфляцияға ең аз ықпалы аясында инфляциялық процестердің баяулауын көрсетеді (5).

5-график

### Жылдық инфляцияның және базалық инфляцияның динамикасы (өткен жылдың тиісті айына %-бен)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

## 1.3. Экономиканың нақты секторындағы бағалар

### 1.3.1. Өнеркәсіп өндірісіндегі бағалар

2013 жылғы 4-тоқсанда өнеркәсіп өнімдерін шығаратын кәсіпорындардың бағалары 1,7% төмендеді (2012 жылғы 4-тоқсанда 1,0% төмендеді). Өндірілген өнім құнының бағасы 7,7% өсті, бұл ретте оның құрамындағы аралық тұтыну өнімінің бағасы 1,9% төмендеді, бұл ретте оның құрамында аралық тұтыну өнімі 2,4% арзандады, өндіріс құралдарының бағасы 0,8% төмендеді, тұтыну тауарларының бағасы 1,7%-ға қымбаттады. Өндірістік сипаттағы қызмет көрсетулер 1,7% қымбаттады.

2013 жылғы 4-тоқсанда мұнай бағасының неғұрлым төмен болуына байланысты тау-кен өндіру саласындағы бағалар өткен кезеңдегі 10,9% өсуімен салыстырғанда 2,5% төмендеді (2012 жылғы 4-тоқсанда 0,01% төмендеді).


Энергия ресурстарының құны өткен тоқсанда 11,2% төмендегеннен кейін 2013 жылғы 4-тоқсанда 2,6% төмендеді (2012 жылғы 4-тоқсанда 0,4% өсті). Шикізат энергия ресурстарының құрамында мұнай өндіру бағасы қазанда және қарашада өсу есебінен 3,4% төмендеді (2012 жылғы 4-тоқсанда 0,5% өсті), газ конденсатының құны 2,2% өсті (2012 жылғы 4-тоқсанда 2,3% төмендеді).

Өңдеуші өнеркәсіптегі бағалар өткен тоқсанда 10,2% ұлғайғаннан кейін есепті кезеңде 0,4% төмендеді (2012 жылғы 4-тоқсанда 2,3% өсті). Бұл ретте 2013 жылғы 4-тоқсанда өнеркәсіптің металлургия саласындағы бағалар 3,4% төмендеді, тамақ өнімдерін өндіру 1,8% төмендеді, мұнай өңдеу өнімдерінің бағасы 3,9% қымбаттады.

Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны кондиционирлеу салаларында 2013 жылғы 4-тоқсанда бағалар 1,3% өсті (2012 жылғы 4-тоқсанда 2,0% өсті).

2013 жылғы желтоқсанда өнеркәсіп өндірісінде бағаның төмендеуі жылдық көрсетумен (2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2013 жылғы желтоқсанда) 0,5% құрады (2013 жылғы желтоқсанда бағаның өсуі жылдық көрсетумен 2,1% құрады) (6).

6-график

**Өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындардың бағалары индексінің динамикасы (өткен жылдың тиісті айына %-бен)**

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

Өндірілген өнім бағасы жылдық көрсетумен 1,2% төмендеді, бұл ретте аралық тұтыну өнімінің бағасы 2,0% төмендеді, тұтыну тауарлары 5,1% қымбаттады, өндіріс құралдарының бағасы 2,2% өсті. Өндірістік сипаттағы қызметтер 9,1% қымбаттады.

**1.3.2. Ауыл шаруашылығындағы бағалар**

2012 жылғы 4-тоқсанда барлық арналар бойынша өткізілген ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы 3,7% төмендеді (2012 жылғы 4-тоқсанда 19,2% өсті). Ауыл шаруашылығындағы бағалар динамикасы мал шаруашылығымен салыстырғанда, өсімдік шаруашылығында бағалардың неғұрлым жоғары өсуінің әсер етуімен қалыптасты.


Өткен тоқсанда бағалардың 5,9% төмендеуімен салыстырғанда, 2013 жылғы қазан-желтоқсанда өсімдік шаруашылығы өнімінің бағасы 9,7% арзандады (2012 жылғы 4-тоқсанда 28,8% өсті). Өсімдік шаруашылығының құрамында дәнді дақылдардың бағасы 12,0%, көкөністің бағасы 6,5%, картофель бағасы 5,5% төмендеді.

Мал шаруашылығы өнімдері 2013 жылғы 3-тоқсанда бағаның 0,2% өскеннен кейін 2013 жылғы 4-тоқсанда 5,0% қымбаттады (2012 жылғы 4-тоқсанда 5,1% өсті). 2013 жылғы қазан-желтоқсанда мал және құс етінің бағасы 0,2%, шикі сүттің бағасы 6,8% өсті, жұмыртқа бағасы 24,5% өсті.

2013 жылғы желтоқсанның қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы өнімінің бағасы жылдық көрсетумен 7,0% төмендеді. Бұл ретте өсімдік шаруашылығы өнімі 13,4% қымбаттады, мал шаруашылығы өнімінің бағасы 2,3% өсті (7).

7-график

### Ауылшаруашылығы өнімі бағасы индексінің динамикасы (өткен жылғы тиісті айға %-бен)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

### 1.3.3. Кәсіпорындар мониторингі

2013 жылғы 4-тоқсанда кәсіпорындардың дайын өніміне сұраныс жалпы алғанда экономиканың нақты секторы бойынша шамалы төмендеді, мұны сұраныстың өзгеруінің диффузиялық индексінің 49,5 деңгейге дейін (2013 жылғы 3-тоқсандағы 52,1-тен) төмендеуі растайды. Көрсеткіш өніміне сұраныс ұлғайған (2013 жылғы 3-тоқсандағы 21,9%-дан 20,3%-ға дейін) кәсіпорындар үлесінің төмендеуі және өз өніміне сұраныстың төмендеуін (2013 жылғы 3-тоқсандағы 17,8%-дан 21,4%-ға дейін) атап өткен кәсіпорындар үлесінің ұлғаюы есебінен болды.

Сұраныстың анағұрлым төмендеуі «сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және бөлуді бақылау», «өндеуші өнеркәсіп», «автомобильдер мен мотоциклдердің көтерме және бөлшек саудасы, жөндеу» және «құрылыс» сияқты салаларда<sup>1</sup> байқалды: осы салалар бойынша диффузиялық индекс тиісінше 2013 жылғы 3-тоқсандағы 57,4, 50,9, 53,5 және 50,9-дан 44,2, 44,7, 47,7 және 47,9-ға дейін төмендеді. Сонымен қатар, сұраныстың өсуі «электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны кондиционирлеу», «тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету» және «ауыл, орман және балық шаруашылығы» салаларында болды. Бұл ретте сұраныстың неғұрлым өсуі «электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны кондиционирлеу» саласында болды: диффузиялық индекс 70,1-ге дейін (2013 жылғы 3-тоқсандағы 48,8-ден) көтерілді, бұл бірінші кезекте маусымдыққа байланысты. Сұраныстың өсуінің бәсеңдеуі тау-кен өндіру мен «ақпарат және байланыс» салаларында болды.

2013 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 2014 жылғы 1-тоқсанда жалпы алғанда нақты сектор бойынша алғанда кәсіпорындардың күтулері бойынша дайын өнімге сұраныстың өсуі өзгерген жоқ: диффузиялық индекс 50 болды. Бұл ретте, салалар

<sup>1</sup> Салалардың атауы Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі енгізген жаңа ЭҚЖЖ ескеріле отырып берілді.

бойынша алғанда сұраныстың біркелкі бағытта өзгеруі былайша күтіліп отыр: сұраныстың өсуі – «сумен жабдықтау; кәріз жүйесі...» (диффузиялық индекс 2013 жылғы 4-тоқсандағы 44,2-ден 53,8-ге дейін көтерілді), «ақпарат және байланыс» (диффузиялық индекс 2013 жылғы 4-тоқсандағы 50-ден 56-ға дейін), «ауыл, орман және балық шаруашылығы» 2013 жылғы 4-тоқсандағы 56,2-ден 58-ге дейін) салаларында, сұраныстың төмендеуі – «тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету» (диффузиялық индекс – 45,8), құрылыс (47,3), өңдеуші өнеркәсіп (47,6) және «...көтерме және бөлшек саудасы...» (48,7) салаларында.

Жалпы алғанда 2013 жылғы 4-тоқсанда нақты сектор бойынша кәсіпорындардың дайын өнімінің бағалары қалыпты өсуін жалғастырды: дайын өнімнің бағалары өзгеруінің диффузиялық индексі 54,4 (2013 жылғы 3-тоқсанда – 54,1) болды. Салалар бойынша алғанда негізінен бағалардың қалыпты өсуінің осындай жағдайы байқалды: құрылыс (диффузиялық индексі 58,2 болды), «...көтерме және бөлшек саудасы...» (57,2), «тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету» (56,8) «ауыл, орман және балық шаруашылығы» (56), «электрмен жабдықтау, газ, бу беру ...» (54,9). Бұл ретте дайын өнім бағаларының өсуі «ақпарат және байланыс» саласында бәсеңдеді (диффузиялық индексі 2013 жылғы 3-тоқсандағы 53,3-тен 51,2-ге дейін төмендеді).

Тұтыну өнімдерін өндіруші және қызмет көрсету кәсіпорындарының дайын өнім бағаларының (бұдан әрі – тұтыну өнімдері мен қызмет көрсету бағалары) 2013 жылғы 4-тоқсанда сондай-ақ баяу қалыпты жалғасты: диффузиялық индекс 54,3 (2013 жылғы 3-тоқсанда 52,1) болды.

2013 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 2014 жылғы 1-тоқсанда экономиканың нақты секторы бойынша жалпы алғанда дайын өнім (диффузиялық индексі 58 болды) бағаларының өсу қарқынының айтарлықтай ұлғаюы күтіледі, бұған салалардың көпшілігіндегі бағалардың өсу қарқынының ұлғаюы себепші болды. Бағалардың өсу қарқынының ұлғаюы «электрмен жабдықтау, газ, бу беру...», «ақпарат және байланыс», «сумен жабдықтау; кәріз жүйесі...», «өңдеуші және тау-кен өнеркәсібі» сияқты салаларда күтіледі.

2014 жылғы 1-тоқсанда тұтыну өнімдері мен қызмет көрсету бағаларының кәсіпорындардың күтулері бойынша қарқындарының кейбір ұлғаюымен қалыпты өсуі жалғасады: баға өзгеруінің диффузиялық индексі 57,7-ні құрады (2013 жылғы 4-тоқсанда 54,3).

2013 жылғы 4-тоқсанда, шикізат пен материалдар бағаларының барынша жоғары қарқынмен өсуі жалғасты: баға өзгеруінің диффузиялық индексі 69,8 (2013 жылғы 3-тоқсанда 68,6) болды. Бағаның өсу қарқынының ұлғаюы тау-кен (диффузиялық индексі 2013 жылғы 3-тоқсандағы 68,6-дан 74,5-ке дейін ұлғайды) және өңдеуші өнеркәсіпте (2013 жылғы 3-тоқсандағы 65,7-ден 67,9-ға дейін); «электрмен жабдықтау, газ, бу беру...» (2013 жылғы 3-тоқсандағы 68,3-тен 69,5-ке дейін), «тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету» (2013 жылғы 3-тоқсандағы 70,7-ден 74,6-ға дейін) байқалды. Бағалар өсуінің кейбір бәсеңдеуі «сумен жабдықтау; кәріз жүйесі...» (2013 жылғы 3-тоқсандағы 70,4-тен 67,3-ке дейін төмендеді) және құрылыс (2013 жылғы 3-тоқсандағы 74,7-ден 72,6-ға дейін төмендеді) салаларында болды.

2014 жылғы 1-тоқсан бойынша шикізат пен материалдар бағаларының өзгеруінің диффузиялық индексі кәсіпорындардың күтуі бойынша 69,8-ді құрады. Бағалардың төмендеуін күткен кәсіпорындар үлесі 2013 жылғы 4-тоқсандағы 1,5%-ден 0,7%-ге дейін азайды.


Осылайша, тиісті диффузиялық индекстердің динамикасын ескере отырып, 2013 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 2014 жылғы 1-тоқсан бойынша кәсіпорындардың күтулері дайын өнімге сұраныстың өзгермеуімен, олардың бағасының қалыпты өсуінің



жалғасуымен сипатталады, олардың бағаларының қалыпты өсуі және шикізат пен материалдар бағасы өсуінің айтарлықтай жоғары қарқыны жалғасады (8).

8-график

### Сұраныс пен баға өзгерісінің диффузиялық индекстері



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

## 2. Инфляция факторлары

### 2.1. Жиынтық сұраныс

2013 жылғы 3-тоқсанда түпкілікті пайдалану әдісі бойынша ЖІӨ 2012 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда бағалау бойынша, нақты көрсетумен 5,6% ұлғайды (2012 жылғы 3-тоқсанда өсім бағалау бойынша 5,1%, 2013 жылғы 2-тоқсанда өсу – 5,0% болды).

ЖІӨ-нің 2013 жылғы 3-тоқсандағы өсуі үй шаруашылықтарының және мемлекеттік басқару органдарының ағымдағы тұтынуына шығыстардың ұлғаюымен байланысты түпкілікті тұтыну шығыстарының өсуінің, жалпы жинақтың және таза экспорттың төмендеуінің өсуінің әсерінен қалыптасты.


Жалпы алғанда, бағалау бойынша, 2012 жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда түпкілікті тұтыну шығыстары 2013 жылғы 3-тоқсанда 12,8% өсті (2013 жылғы 2-тоқсанда 13,0% өсті), жалпы жинақ 4,9%-ға ұлғайды (8,3%-ға өсті), ал таза экспорттың терісі мәні 2,9 есе ұлғайды (48,3% төмендеді).

Нәтижесінде үй шаруашылықтарының және мемлекеттік басқару органдарының тұтынуына жұмсалған шығыстар ЖІӨ-нің тиісінше (+)8,2% және (+)0,1% мөлшерінде қалыптасуына оң үлес қосты, жалпы жинақ ЖІӨ-ні (+)1,9%-ға көтерді.

Бұл ретте жалпы жинақтау құрамында негізгі капиталды жинақтау үлесіне (+)1,6%, ал материалдық айналым қаражаты қорларының өзгеруіне (+)0,3% тиесілі. Өз кезегінде, таза экспорт ЖІӨ-нің (-)4,1% мөлшерде өсуіне теріс әсерін тигізді (9).

9-график

#### Жиынтық сұраныстың құрамдас бөліктерінің ЖІӨ өсіндегі үлесі, %



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

#### 2.1.1. Жеке тұтыну және инвестициялық сұраныс

2013 жылғы 3-тоқсанда үй шаруашылықтарының түпкілікті тұтынуына жұмсалған шығыстар 2012 жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда 16,1%-ға ұлғайды (2013 жылғы 2-тоқсанда 16,8% өсті).


Нақты көрсетумен берілген жан басына шаққандағы ақша кірісінің өсу қарқыны 2013 жылғы 3-тоқсанда 9,0% дейін бәсеңдеді (2013 жылғы 2-тоқсанда 10,2% өсіт), ал

нақты көрсетуде 3,1% дейін бәсеңдеді (3,9% өсті). Бұл ретте, халықтың табысы бөлшек тауар айналымына елеулі әсер еткен жоқ, оның өсу қарқыны 2013 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда шамалы жеделдетіліп, 13,6% болды (2013 жылғы 2-тоқсанда 12,1% өсті).

Бөлшек тауар айналымының өсу қарқынының жеделдеуі шамалы болды және ЖІӨ-нің түпкілікті пайдалану әдісімен негізгі құрамдас бөліктерінің біріне, атап айтқанда, 16,1%-ге дейін өскен үй шаруашылықтарын түпкілікті тұтыну шығыстарының өсуіне айтарлықтай әсер еткен жоқ, ал осыдан бір тоқсан бұрын бұл өсу 16,8%-ға жетті (10).

10-график

**Халықтың шығыстары мен кірістерінің динамикасы  
(өткен жылғы тиісті кезеңге %)**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері


Халық кірістерінің өсу қарқыны бәсеңдеген кезде тауар айналымы өсуінің бәсеңдеуіне кейбір ретте кредиттік белсенділіктің тұрақты өсуі себепші болды.

Халықты несиелендіру 2013 жылғы 1-тоқсанда 3,9%, 2013 жылғы 2-тоқсанда 8,6% өскеннен кейін 2013 жылғы 3-тоқсанда өсуі 7,1% дейін бәсеңдеді. Бұл ретте азаматтарды тұтынушылық мақсаттар үшін кредиттеудің өсуі 2013 жылғы 3-тоқсанда 12,2% құрады (%), 2013 жылғы 2-тоқсанда 14,3% өсті).

Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігінің өсуі негізгі капиталға инвестициялар көлемінің 2013 жылғы 3-тоқсанда 8,0%-ға ұлғаюына (2013 жылғы 2-тоқсанда өсу 8,6% болды) себепші етті. Бұл ретте негізгі капиталдың жалпы жинақталуының ұлғаюы жеделдеді және өсу қарқыны алдыңғы тоқсанға қатысты 14,7%-ға дейін ұлғайды (2013 жылғы 2-тоқсанда 7,1% өсті), бұл ЖІӨ-ге (+)1,6% мөлшердегі оң үлес қосты, материалдық айналым құралдары қорларының өзгеруі ЖІӨ-ге (+)0,3% мөлшерде оң әсер етті (11).

11-график

### Негізгі капиталға инвестициялардың шығыстары динамикасы (өткен жылдың тиісті кезеңіне %)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

#### 2.1.2. Мемлекеттік тұтыну

2013 жылғы 3-тоқсанда мемлекеттік басқару органдарының түпкілікті тұтынуына арналған шығыстар 2012 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 1,3%-ға көтерілді (2013 жылғы 2-тоқсанда 1,5% өсті).

Жалпы алғанда, 2013 жылғы 3-тоқсанда мемлекеттік бюджеттің шығыстары 1829,8 млрд. теңге сомаға немесе ЖІӨ-ге шаққанда 22,4%-ға қаржыландырылды (2013 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 14,5% ұлғайды).

Мемлекеттік бюджеттің ағымдағы шығындары 1,3 трлн. теңге болды, бұл 2012 жылғы 3-тоқсанға қарағанда 14,5%-ға көп. Ағымдағы шығындар құрамында 2012 жылғы осындай тоқсанмен салыстырғанда қызметтер мен жұмыстарды сатып алуға шығындар (3,9 есе), ішкі қарыздар бойынша сыйақылар төлеу (48,1%), заңды тұлғаларға ағымдағы трансферттер (33,2%), жеке тұлғаларға ағымдағы трансферттер (10,6%) және жалақы (4,5%) төлеу айтарлықтай ұлғаюды көрсетті. Бұл ретте қорларды сатып алуға (86,8%), азаматтардың жекелеген санаттарына жалақыны төлеуге және жарналарды аударуға (77,3%) және сыртқы қарыздар бойынша сыйақылар төлеуге (12,0%) арналған шығындар қысқарды.

Мемлекеттік бюджеттің күрделі шығындары 2013 жылғы 3-тоқсанда 2012 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда негізінен, негізгі капиталды құруға шығыстардың ұлғаюы есебінен 8,7% ұлғайды, негізгі құралдарды күрделі жөндеу шығыстарының қысқаруы аясында дамуға бағытталған күрделі шығындардың шығыстарын ұлғайту есебінен ұлғайды.

Бюджеттік кредиттер 2012 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 2013 жылғы 3-тоқсанда 45,2% төмендеді, қаржы активтерін сатып алу шығыстары 3,1 есе ұлғайды.

2013 жылғы 3-тоқсанда мемлекеттік бюджеттің түсімдері 1673,7 млрд. теңге немесе ЖІӨ-ге шаққанда 20,5% болды, бұл 2012 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 25,1%-ға көп. Мемлекеттік бюджет кірістерінің құрылымында екі бап бұрынғысынша басым тұр: салық түсімдері – 66,7% (2012 жылғы 3-тоқсанда – 67,1%), ресми

трансферттер – 30,5% (29,6%). Ресми трансферттердің жоғары үлесі республикалық бюджетке Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдік берілген трансферттердің 510,0 млрд. теңге мөлшерінде түсуімен қамтамасыз етілді.

Тұтастай алғанда, 2013 жылғы 3-тоқсанда салық түсімдерінен түскен кірістің көрсеткіштері 2012 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 24,3%-ға ұлғайды. Өсу қосылған құнға салық бойынша, корпоративтік табыс салығы бойынша, акциздер бойынша, әлеуметтік салық бойынша, жеке табыс салығы бойынша түсімдердің өсуімен қамтамасыз етілді, ал табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсімдер 14,6%-ға төмендеді.


2013 жылғы 3-тоқсанда 2012 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда салықтық емес түсімдер негізінен мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатуынан түскен түсімдерден, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салған айыппұлдардан, өсімпұлдардан, санкциялардан, жаза салудан кірістердің өсуі есебінен 9,3%-ға ұлғайды.

2013 жылғы 3-тоқсанда 2012 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда трансферттердің түсуі 29,1%-ға, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер 4,0%-ға ұлғайды.

2013 жылғы 3-тоқсанда шығыстардан кірістердің асып түсу нәтижесінде мемлекеттік бюджет 156,1 млрд. теңге дефицитпен қалыптасты (ЖІӨ-ге шаққанда 1,9%), 2012 жылғы 3-тоқсанда дефицит 261,0 млрд. теңге (ЖІӨ-ге шаққанда 3,3%) мөлшерінде болды (12). Ұлттық қордан республикалық бюджетке 510,0 млрд. теңге мөлшерінде аударылған кепілді трансферттер болмағанда, 2013 жылғы 3-тоқсан 666,1 млрд. теңге мөлшеріндегі мұнайға жатпайтын дефицитпен аяқталар еді.

12-график

**Мемлекеттік бюджеттің орындалуы, ЖІӨ-ге шаққанда %-бен**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

Қаржы министрлігі 2013 жылғы 3-тоқсан ішінде мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару арқылы 293,3 млрд. теңге мөлшерінде қарыз қаражатын тартты. Осы кезеңде, сондай-ақ бұдан бұрын шығарылған бағалы қағаздар бойынша борыштық міндеттемелер 65,9 млрд. теңге сомасына өтелді. Нәтижесінде Ұлттық

Банктегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотындағы қалдық 71,3 млрд. теңгеге ұлғайды.


2013 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Үкіметтің ішкі борышы 3295,4 млрд. теңгеге (ЖІӨ-ге шаққанда 40,4%) дейін ұлғайды, бұл 2012 жылғы 1 қазандағы осындай көрсеткішпен салыстырғанда 29,6%-ға көп (ЖІӨ-ге шаққанда 32,4%). Осу мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелерді (МЕУЖКАМ), мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелерді (МЕККАМ), мемлекеттік ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелерді (МЕУКАМ) және мемлекеттік орташа мерзімді қазынашылық міндеттемелерді (МЕОКАМ) шығарумен қамтамасыз етілді.

Үкіметтің сыртқы борышы 2013 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 2012 жылғы 1 қазандағы көлемімен (ЖІӨ-ге шаққанда 8,7%) салыстырғанда 10,0%-ға ұлғайып, 747,2 млрд. тенге (ЖІӨ-ге шаққанда 9,1%) болды.

Мемлекеттік бюджет дефицитінің төмендеу үрдісі байқалды. 2013 жылғы 3-тоқсанда дефицит жылдық көрсетуде ЖІӨ-ге (-)2,4% (2012 жылы – ЖІӨ-ге (-)2,9%) болды (13).

13-график

### Мемлекеттік бюджеттің орындалуы, жылдық көрсетілімде ЖІӨ-ге %-бен



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

\* - 2012 жылғы 4-тоқсаннан бастап 2013 жылғы 3-тоқсан аралығындағы кезең үшін


### 2.1.3. Сыртқы сектор

#### – Әлемдік баға

2013 жылғы 3-тоқсанда кезеңнің басында металдың кейбір түрлері бағаларының өсуі байқалды, қыркүйекте бағалар төмендеді. Мәселен, 2013 жылғы 3-тоқсанда мыстың бағасы 1,0%-ға төмендеді және осы кезеңде орташа алғанда бір тонна үшін 7086,3 АҚШ долл. деңгейінде қалыптасты. Алюминийдің бағасы 2013 жылғы 3-тоқсанда 2,9%-ға төмендеді және бір тонна үшін 1782,8 АҚШ долл. болды. Қорғасынның әлемдік бағасы 2013 жылғы шілде-қыркүйекте 2,4% өсті, орташа алғанда кезең үшін бір килограмм 210,2 цент болды. Мырыштың бағасы бір килограмм үшін кезеңдегі орташа бағасы 186,1 цент кезінде 1,0%-ға ұлғайды (14).

14-график

**Металдардың әлемдік бағасының динамикасы**




Дерек көзі: Дүниежүзілік Банк

2013 жылғы 3-тоқсанда Brent сұрыпты мұнайдың әлемдік бағалары 2013 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 6,9%-ға өсті, және орташа алғанда кезеңде бір тонна үшін 305,8 АҚШ долл. деңгейінде қалыптасты (15).

Бидайдың әлемдік бағасы (АҚШ) 2013 жылғы 3-тоқсанда алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 2,5%-ға төмендеп, орташа алғанда бір тонна үшін 305,8 АҚШ долл. деңгейінде қалыптасты (15).

15-график

**Мұнайдың (Брент), бидайдың (АҚШ) әлемдік бағасының динамикасы**



Дерек көзі: Дүниежүзілік Банк




## – Төлем балансы

2013 жылғы 3-тоқсанның қорытындылары бойынша төлем балансының ағымдағы шоты тиісті кезеңдегі ЖІӨ-ге қатынасы бойынша 2,1 млрд. АҚШ долл. немесе -3,6% теріс сальдомен қалыптасты (16).

16-график

## Ағымдағы операциялар шотының балансы, млн. АҚШ долл.



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Тауарлар экспортынан түсімдер 2013 жылғы 3-тоқсанда 2012 жылғы 3-тоқсанның осындай көрсеткішімен салыстырғанда 6,1%-ға 20,2 млрд. АҚШ долларына дейін төмендеді, тауар импортына арналған шығыстар 2012 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 0,8%-ға төмендеп, 12,9 млрд. АҚШ доллар болды. Сауда балансының оң сальдосы 14,3%-ға азайды және 7,3 млрд. АҚШ долл. болды. 2013 жылғы 3-тоқсанда қызмет көрсету балансының тапшылығы 2012 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 12,1%-ға 1,9 млрд. АҚШ долл. дейін төмендеді, бастапқы кірістер балансының тапшылығы (еңбекақы төлеу, инвестициялық және басқа да бастапқы кірістер) 0,8%-ға ұлғайды және 7,0 млрд. АҚШ долл. болды. Қайталама кірістер операциялары (ағымдағы трансферттер) бойынша резидент еместерге нетто-төлемдер 504,1 млн. АҚШ долл. болды.

Қаржы шотының сальдосы (резервтік активтерді есепке алмағанда) 2013 жылғы 3-тоқсанда 1,1 млрд. АҚШ долл. мөлшерінде теріс қалыптасты (оң сальдо 2012 жылғы 3-тоқсанда 2,3 млрд. АҚШ долл.). Резиденттердің шетелдік активтерінің (резервтік активтерді қоспағанда) таза өсімі 2,6 млрд. долл. (2012 жылғы тиісті кезеңдегі 6,7 млрд. АҚШ долл.) болды. Сыртқы міндеттемелердің өсімі (нетто) 3,7 млрд. АҚШ долл. өсті (2012 жылғы 3-тоқсанда 4,4 млрд. АҚШ долл.).

Нәтижесінде 2013 жылғы 3-тоқсанның қорытындысы бойынша төлем балансы 2,8 млрд. АҚШ долл. оң сальдомен қалыптасты (2012 жылғы 3-тоқсанда – оң сальдо 3,6 млрд. АҚШ долл.).

## – Сауда жағдайлары және нақты тиімді айырбастау бағамы

2013 жылғы 3-тоқсанда сауда талаптарының жиынтық индексі 2012 жылғы 3-тоқсанның тиісті көрсеткішімен салыстырғанда 6%-ға төмен болды. Бұл ретте еуро

аймағындағы елдермен сауда талаптарының индексі 13%-ға қысқарды, ал Ресеймен – 4%-ға төмендеді (1).

1-кесте

**Баға индекстерінің және сауда талаптарының өзгеруі  
(өткен жылғы тиісті кезеңге, %-бен)**

	12 ж. 2-тоқ	12 ж. 3-тоқ	12 ж. 4-тоқ	13 ж. 1-тоқ	13 ж. 2-тоқ	13 ж. 3-тоқ
Экспорт бағалары	1	-9	-2	0	-8	-5
Импорт бағалары	-12	-1	-2	-2	-7	2
<b>Сауда талаптары</b>	15	-12	0	2	-1	-6
оның ішінде:						
<b>Еуро аймақ елдері</b>						
Экспорт бағалары	4	-10	-1	0	-5	-2
Импорт бағалары	-8	-7	-1	18	16	16
<b>Сауда талаптары</b>	14	-3	0	-17	-20	-13
<b>Ресей</b>						
Экспорт бағалары	2	-16	-20	-5	-9	-11
Импорт бағалары	-16	-1	3	-7	-9	-7
<b>Сауда талаптары</b>	20	-20	-23	2	-1	-4


Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2013 жылғы 3-тоқсанның қорытындылары бойынша өткен кезеңмен салыстырғанда теңгенің нақты тиімді айырбастау бағамының индексі 0,3%-ға әлсіреді. ТМД елдерінің валюталар қоржынына қатысты теңге 1,4%-ға нығайды, қалған елдердің валюталар қоржынына қатысты 0,9%-ға әлсіреді.

2013 жылғы 3-тоқсанда теңге нақты көрсетуде өткен кезеңмен салыстырғанда АҚШ долларына қатысты 0,8%-ға әлсіреді, еуроға қатысты 1,6%-ға нығайды, Ресей рубліне қатысты 1,8%-ға нығайды (17).

17-график

### Теңгенің нақты айырбас бағамдарының индекстері (2000 жылғы желтоқсан = 100%)




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

#### – Теңгенің номиналдық айырбастау бағамы

Теңгенің орташа алынған биржалық айырбастау бағамы 2013 жылғы 4-тоқсанда бір доллар үшін 153,03 теңге құрады. Биржалық бағам кезеңнің аяғында бір АҚШ доллар үшін 154,06 теңге болды. Жыл басынан бастап теңге номиналды көрсетуде АҚШ долларына қарағанда 2,2%-ға әлсіреді (18).

18-график

### Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналдық айырбастау бағамының динамикасы



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


Қазанда және желтоқсанда теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы тиісінше 0,3%-ға және 0,2%-ға әлсіреді, тиісінше қарашада – 0,4%-ға нығайды.

Ішкі валюта нарығындағы биржалық сегментте еуро және Ресей рублімен мәмілелер көлемі шамалы болып қалғандықтан, теңгенің осы валюталарға қатысы бойынша бағамы АҚШ долларына кросс-бағам негізінде есептеледі. Тиісінше, теңгенің еуроға және Ресей рубліне қатысты бағамының динамикасы теңгенің АҚШ долларына бағамының динамикасымен, халықаралық қаржы нарығындағы бірыңғай еуропалық валютаның жағдайымен және Ресей Орталық банкінің Ресей рублінің айырбастау бағамының валюталар қоржынына қатысты саясатымен айқындалды.

Тұтастай алғанда, 2013 жылғы 4-тоқсанда теңгенің ресми бағамы АҚШ долларына қатысты өзгерген жоқ, еуроға – 1,7%-ға әлсіреді, Ресей рубліне – 0,8%-ға нығайды (19).

19-график

### Теңгенің еуроға және ресей рубліне шаққандағы ресми бағамының динамикасы




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

## 2.2. Өндіріс

2013 жылғы 3-тоқсанда ЖІӨ өндірісінің көлемі ағымдағы бағамен 9106,5 млрд. теңге болды. Экономиканың барлық салаларында өндірістің өсуінің оң ықпалының әсерінен ЖІӨ 2012 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда нақты көрсетуде (2005 жылғы бағамен) бағалау бойынша 7,2%-ға ұлғайды (20).

20-график

### Нақты ЖІӨ-нің өсуіне экономиканың негізгі салаларының үлесі (өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

**Тауарлар өндірісі.** Тауарлар өндірісі сегментінде жалпы ішкі өнімнің осы компонентіне кіретін барлық негізгі салалар бойынша көрсеткіштер өсті. Бағалау бойынша 2013 жылғы 3-тоқсанда өнеркәсіптік өндірістің көлемі 3,1%-ға ұлғайды (2013 жылғы 2-тоқсанда – 1,4%-ға өсті), ауыл шаруашылығы 13,3%-ға көтерілді (2,2%-ға өсті), құрылыс 5,7%-ға өсті (6,3%-ға өсті). Нәтижесінде тауарлар өндірісінің сегменті ЖІӨ қалыптастыруға (+)1,9% мөлшерде оң үлесін қосты.

**Қызмет көрсету өндірісі.** Қызмет көрсету өндірісі сегментінде жалпы ішкі өнімнің осы құрамдас бөлігінің барлық негізгі салалары іс жүзінде өсумен байқалды. Нәтижесінде қызмет өндірісі секторына кіретін салалар жиынтықта ЖІӨ-нің өсуіне (+)4,0% мөлшерінде оң үлес қосуға себепші болды.

**Өнімге және импортқа таза салықтар.** Өнімге және импортқа таза салықтар көлемінің 12,4% ұлғаюы ЖІӨ-нің (+)1,3% мөлшерінде өсуін қалыптастыруға (2013 жылғы 2-тоқсанда үлесі (+)0,7% мөлшерінде) оң әсер етті.

Осылайша, 2013 жылғы 3-тоқсанда ЖІӨ өсуінің негізгі драйвері (2013 жылғы 2-тоқсандағыдай) қызмет көрсету өндірісі болып табылды.

## 2.3. Еңбек нарығы

### 2.3.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

2013 жылғы 4-тоқсанда экономикада жұмыспен қамтылғандар саны бастапқы деректер бойынша алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 0,4% азайып, 8,6 млн. адам болды (2012 жылғы 4-тоқсанға қарағанда өсу 0,9%-ды құрады). Бұл ретте жалдамалы қызметкерлердің саны 2013 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 0,1%-ға азайып, 6,0 млн. адам болды, өздігінен жұмыспен қамтылғандар 2,6 млн. адам (төмендеуі – 1,1%) болды.


Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардағы жалдамалы қызметкерлердің құрылымында 5,0 млн. адам (жалдау бойынша барлық жұмыс істейтіндердің 82,9%),

жеке тұлғаларда – 0,7 млн. адам (11,3%), шаруа (фермер) қожалықтарында – 0,3 млн. адам (5,8%) жұмыс істеді.

2013 жылғы 4-тоқсанда жұмыссыздар саны 466,3 мың адам болды, бұл алдыңғы кезеңдегімен салыстырғанда 0,4% аз және 2012 жылғы 4-тоқсандағыдан 1,8% аз (21).

21-график

**Экономикалық белсенді халықтың құрылымы, млн. адам**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

2013 жылғы қазан мен қарашада ірі және орташа кәсіпорындарда жалдамалы қызметкерлер құрамында мынадай салалық құрылымдық өзгерістер байқалды.


2012 жылдың тиісті айларымен салыстырғанда жұмыспен қамтылғандардың өсуін қамтамасыз еткен салалар мыналар болды: электрмен қамтамасыз ету, газды, парды беру және ауына желдетуді; сауда, кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет; қаржы және сақтандыру қызметі; әкімшілік және қосымша қызмет көрсету саласындағы қызмет; мемлекеттік басқару және қорғаныс; денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер; білім беру; денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер; өнер, ойын-сауық және демалыс.

Мынадай: өңдеу өнеркәсібі; көлік және қоймада сақтау; тұру және тағамдану бойынша қызметтер; жылжымайтын мүлікпен операциялар саласында жұмыспен қамтылғандар санының азаюы байқалды.

Бұл ретте бір саладағы санның азаюы басқа салалардағы өсумен толық жабылды. Нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі 2013 жылғы 4-тоқсанда 5,2% болды және 2012 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда бұрынғы деңгейде сақталды (22).

22-график

## Нақты жұмыссыздық деңгейі, %



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

### 2.3.2. Жалақы және өнімділік

2013 жылғы 3-тоқсанда орташа айлық жалақы өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда номиналды көрсетуде 6,3%-ға (2012 жылғы 2-тоқсанда – 7,0% өсті), ал нақты көрсетуде 0,6%-ға (өсуі – 0,9%) ұлғайды.

Алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда номиналдық жалақы 2,2%-ға өсті, ал нақты жалақы 1,6%-ға ұлғайды.

2013 жылғы қыркүйекте 2012 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда номиналды көрсетуде жалақы мына салаларда: сауда, автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу – 12,5%-ға; жылжымайтын мүлікпен операциялар – 11,9%-ға; сумен жабдықтау, құбыр жүйесі, қоқыстарды жинауды және бөлуді бақылау – 11,6%-ға; электрмен қамтамасыз ету, газ, бу беру және ауаны желдету – 11,5%-ға, ауыл шаруашылық, орман және балық шаруашылығы – 11,0%-ға; ақпарат пен байланыс – 10,7%-ға өсті.

2013 жылғы қыркүйекте жалақының ең жоғары мөлшері ақшалай көрсетуде кәсіби, ғылыми және техникалық қызметте (217,3 мың теңге), ал ең төменгісі – сумен қамтамасыз етуде (68,8 мың теңге) қалыптасты.


2013 жылғы 3-тоқсанда қызметкерлердің нақты көрсетудегі жалақысы өткен жылдың тиісті кезеңіне қатысты 0,6%-ға өсті, бұл алдыңғы екі кезеңде қалыптасқан өсу қарқынынан төмен (2013 жылғы 1-тоқсанда – 1,0%-ға өсті; 2013 жылғы 2-тоқсанда – 0,9%-ға өсті).

2013 жылғы 3-тоқсандағы экономикада жалақының және жұмыспен қамтылған адамдардың саны өсу қарқыны баяулауы еңбек өнімділігі индексінің өсу қарқынына ықпал етті, ол 5,7% (Ұлттық Банктің бағалауы бойынша) деңгейіне дейін нығайды, ал алдыңғы тоқсанда индекстің өсімі 4,9% құраған (23).



23-график

**Еңбек өнімділігінің және нақты жалақының динамикасы  
(өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері


### 3. Ақша ұсынысы

#### 3.1. Ақша агрегаттары

2013 жылғы 4-тоқсанда ақша массасының жылдық өсім қарқыны қалыпты болды, айналыстағы қолма-қол ақша өсімінің жылдық қарқыны теріс болды, ақша базасы және тар ақша базасы жылдық көрсетуде қысқаруды көрсетті (24).

24-график

#### Ақша агрегаттарының динамикасы (алдыңғы жылдың тиісті айына %-бен)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

#### 3.1.1. Ақша базасы

2013 жылғы 4-тоқсанда ақша базасы 1,5%-ға кеңейіп, 2013 жылғы желтоқсанның соңында 2822,4 млрд. теңге болды. Тар ақша базасы 2786,4 млрд. теңгеге дейін 1,2%-ға кеңейді.

2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2013 жылғы желтоқсанда ақша базасы 2,3%-ға қысқарды.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 2013 жылғы желтоқсанда 2012 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 24,1 млрд. АҚШ долл. дейін 13,0%-ға азайды. Ұлттық Банктегі Үкіметтің шотына валютаның келіп түсуі, банктердің шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың өсуі Ұлттық Банктің ішкі валюта нарығында валютаны сатуымен, алтынвалюта резервтерінің шоттарынан Ұлттық қордың активтерін толықтырумен және Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсетумен бейтараптандырылды. Соның нәтижесінде таза валюталық қорлар (ЕАВ) қаралып отырған кезеңде 13,9%-ға төмендеді, ал алтындағы активтер жүргізілген операциялардың және әлем нарықтарында оның бағасының төмендеуі салдарынан 9,7%-ға азайды.

2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2013 жылғы желтоқсанда Ұлттық қордың активтерін қоспағанда, Ұлттық Банктің таза ішкі активтері көбінесе банктер алдындағы қысқа мерзімді ноттар бойынша міндеттемелердің азаюы және ішкі экономикаға талаптар өсуі есебінен ұлғайды (2).

2-кесте

**Ұлттық Банктің активтері мен пассивтерінің өзгеру динамикасы**  
(өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен)

	2013ж. 1-тоқ	2013ж. 2-тоқ	2013ж. 3-тоқ	2013ж. 4-тоқ
<b>Таза халықаралық резервтер</b>	<b>-13,1</b>	<b>-19,5</b>	<b>-20,1</b>	<b>-13,0</b>
<b>Таза ішкі активтер</b>	<b>95,7</b>	<b>153,0</b>	<b>75,6</b>	<b>158,5</b>
Үкіметке таза талаптар	9,0	32,8	-1,3	47,6
Экономикаға талаптар	262,7	221,2	115,0	28,1
Басқа да таза ішкі активтер	-1,9	19,8	20,5	21,2
<b>Ақша базасы</b>	<b>-7,2</b>	<b>-10,4</b>	<b>-5,8</b>	<b>-2,3</b>
<b>Тар ақша базасы</b>	<b>-3,1</b>	<b>-7,9</b>	<b>-3,7</b>	<b>-1,6</b>

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

### 3.1.2. Ақша массасы

2013 жылғы 4-тоқсанда ақша массасы 11600,9 млрд. тенгеге дейін 0,4%-ға өсті.

2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2013 жылғы желтоқсанда оның өсімі банк жүйесінің таза сыртқы активтері сияқты ішкі активтері де ұлғаюы нәтижесінде 10,2% болды (3).

3-кесте

**Ақша массасының өзгеру динамикасы**  
(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен)

	2013ж. 1-тоқ	2013ж. 2-тоқ	2013ж. 3-тоқ	2013ж. 4-тоқ
<b>Таза сыртқы активтер</b>	<b>5,7</b>	<b>29,0</b>	<b>25,8</b>	<b>11,0</b>
<b>Ішкі активтер</b>	<b>14,6</b>	<b>4,6</b>	<b>-2,0</b>	<b>16,7</b>
Үкіметке талаптар	209,9	394,6	77,0	22,9
Экономикаға талаптар	11,1	12,0	12,4	12,7
Басқа да таза ішкі активтер	-13,6	-26,2	-25,8	-14,6
<b>Ақша базасы</b>	<b>7,6</b>	<b>11,3</b>	<b>9,9</b>	<b>10,2</b>
Айналыстағы қолма-қол ақша	9,2	9,7	2,2	-1,0
Резиденттердің депозиттері	7,4	11,5	11,1	12,2

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің құрылымында 2013 жылғы желтоқсанда 2012 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда банктердің таза сыртқы активтері өсті, ал Ұлттық қордың активтерін қоспағанда, Ұлттық Банктің таза сыртқы активтері төмендеді. Банктердің таза сыртқы активтерінің өсімі көбінесе банктердің резидент еместерге талаптары өсуімен негізделді.

Қаралып отырған кезеңде ақша массасының негізгі құрамдас бөліктерінің құрылымында айналыстағы қолма-қол ақшаның өсу қарқынымен қысқару аясында депозиттер көлемінің артығымен өсу қарқыны тіркелді. Нәтижесінде ақша массасының құрылымындағы резиденттер депозиттерінің үлесі 2012 жылғы желтоқсандағы 86,5%-дан 2013 жылғы желтоқсанның қорытындысы бойынша 87,0%-ға дейін өсті.

Ақша мультипликаторы ақша базасының қысқаруы аясында ақша массасының өсуі нәтижесінде 2012 жылғы желтоқсанда 3,64-тен 2013 жылғы желтоқсанда 4,11-ке дейін өсті. Оған қолма-қол ақшаға басымдық беру коэффициенті мен резервтеу коэффициенті төмендеуі себепші болды (25).

25-график

**Ақша мультипликаторының және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**3.1.3. Айналыстағы қолма-қол ақша**

Айналыстағы қолма-қол ақша көлемі 2013 жылғы 4-тоқсанда 1512,3 млрд. теңгеге дейін 4,0%-ға өсті.

2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2013 жылғы желтоқсанда айналыстағы қолма-қол ақша 1,0%-ға азайды. Бұл ретте, банктердің кассаларынан қолма-қол ақшаны беру 2,3 трлн. теңгеге дейін 27,4%-ға өсті, банктердің кассаларына ақшаның түсімі 2,1 трлн. теңгеге дейін 28,5%-ға ұлғайды.

Қаралатын кезеңде тауарларға, қызметтерге және орындалған жұмыстарға төлем жасау үшін нетто-түсімдердің, жеке тұлғалардың шоттарына нетто-түсімдердің өсімі, шетел валютасын сатудан түскен нетто-түсімдер, қарыздарды өтеу бойынша нетто-түсімдер, ақша аударымдары жүйесі бойынша және басқа да баптар бойынша<sup>1</sup> нетто-түсімдер ұлғаюуы 2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2013 жылғы желтоқсанда қолма-қол ақшаның айналыста төмендеуінің негізгі себебі болды. Бұл ретте аталған факторлардың ықпалы банкоматтарды күшейтуге нетто-беру және жалақыны, зейнетақыны және жәрдемақыны төлеумен байланысты нетто-берулер ұлғаюымен бейтараптандырылған жоқ.

**3.2. Қаржы нарығы**

**3.2.1. Резиденттердің депозиттері**

Резиденттердің депозиттері 2013 жылғы 4-тоқсанда 0,2%-ға төмендеп, 2013 жылғы желтоқсанның соңында 10088,6 млрд. теңгені құрады. Заңды тұлғалардың депозиттері 3,2%-ға төмендеді, жеке тұлғалардың депозиттері 5,1%-ға ұлғайды.

<sup>1</sup> «Басқа да түсімдер» бабында салықтардың, алымдардың және кедендік төлемдердің түсімі, коммуналдық төлемдердің түсімі, көлік, байланыс кәсіпорындарының түсімдері, сақтандыру төлемдерінің түсімі, сондай-ақ басқа да түсімдер көрсетіледі.

Депозиттер құрамындағы мерзімді депозиттердің көлемі (ХВҚ жіктелімі бойынша – «басқа депозиттер»<sup>1</sup>) 2013 жылғы 4-тоқсанда 4,3%-ға артып, 2013 жылғы желтоқсанның соңында 7231,4 млрд. теңгені құрады. Ұлттық валютадағы мерзімді депозиттер 4311,1 млрд. теңгеге дейін 4,1%-ға өсті, ал шетел валютасындағы мерзімді депозиттер 2920,3 млрд. теңгеге дейін 4,6%-ға ұлғайды. Депозиттік базаның жалпы көлеміндегі мерзімді депозиттердің үлес салмағы тоқсан ішінде 68,6%-дан 71,7%-ға дейін өсті.

2013 жылғы 4-тоқсанда депозиттік базаның жай-күйі заңды тұлғалардың валюталық жинақ ақшалары тиісінше 4,4%-ға азаюына байланысты шетел валютасындағы депозиттердің төмендеуімен сипатталды. Нәтижесінде 4-тоқсанда шетел валютасындағы депозиттердің көлемі 0,1%-ға төмендеп, 3771,6 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте, заңды тұлғалардың теңгемен жинақ ақшалары төмендеуіне байланысты ұлттық валютадағы депозиттер 6317,0 млрд. теңгеге дейін 0,2%-ға төмендеді.

Заңды тұлғалардың валюталық жинақтарының көлемі төмендеуінен (2013 жылғы қараша және желтоқсанда, тиісінше 10,2%-ға және 0,2%-ға) теңгемен депозиттер төмендеуі өтелді. Нәтижесінде, депозит нарығының долларлану дәрежесі өзгеріссіз қалды, және ұлттық валютадағы депозиттердің үлес салмағы 2013 жылғы қыркүйектегі деңгейде сақталды (62,6%).

Осылайша, 2013 жылғы 4-тоқсанда заңды тұлғалардың шоттарына ұлттық валютаның және шетел валютасының әкелінуі 2013 жылғы 4-тоқсанда банктердің ресурстық базасы ұлғаюының негізгі көзі болып табылды. Бұл ретте заңды тұлғалардың теңгемен депозиттерінің өсуі 2013 жылғы желтоқсанда ғана тіркелді, ал қазан мен қарашада депозиттер тиісінше 0,8%-ға және 2,7%-ға төмендеді.

Жалпы алғанда, 2013 жылы депозиттік базаның өсімі шетел валютасындағы жинақтар қосылуына негізделді (4).

4-кесте

#### Резиденттер депозиттерінің өзгеру динамикасы (алдыңғы жылғы желтоқсанға %-бен)

	2010	2011	2012	2013
	желтоқсан	желтоқсан	желтоқсан	желтоқсан
<b>Резиденттердің депозиттері</b>	<b>11,6</b>	<b>14,3</b>	<b>7,2</b>	<b>12,2</b>
<i>жеке тұлғалардың</i>	<i>15,9</i>	<i>24,1</i>	<i>23,8</i>	<i>15,8</i>
<i>банктік емес заңды тұлғалардың</i>	<i>9,8</i>	<i>10,2</i>	<i>-0,7</i>	<i>10,0</i>
<b>Теңгемен депозиттер</b>	<b>29,1</b>	<b>20,5</b>	<b>9,6</b>	<b>0,1</b>
<b>Шетел валютасымен депозиттер</b>	<b>-11,0</b>	<b>2,8</b>	<b>2,0</b>	<b>40,6</b>

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Осының алдындағы тоқсанмен салыстырғанда 2013 жылғы 4-тоқсанда салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесі біршама өсті, бұл ұлттық валютамен мөлшерлемелер 2013 жылғы қазаннан бастап желтоқсан аралығында өсуіне және шетел валютасындағы мөлшерлемелердің өсуіне байланысты болды.


<sup>1</sup> Басқа депозиттер – белгілі бір уақыт кезеңі өткеннен кейін ғана алынуы мүмкін немесе қарапайым коммерциялық операцияларда қолдану үшін барынша ыңғайлы және негізінен, жинақтау тетіктеріне қойылатын талаптарға жауап беретін әртүрлі шектеулерге ие жинақтық және мерзімді депозиттер.

Нәтижесінде, теңгемен депозиттер бойынша мөлшерлеменің орташа мәні 2013 жылғы 4-тоқсанда 5,3%-ға дейін (2013 жылғы 3-тоқсанда – 5,1%), еркін айырбасталатын валютадағы депозиттер бойынша – 3,0%-ға дейін (3,0%) өсті.

Банктік емес заңды тұлғалардың теңгемен мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2013 жылғы желтоқсанда 5,7% болды (2013 жылғы желтоқсанда – 3,6%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 8,1% (8,3%) болды (26).

26-график

**Депозиттердің және мерзімді депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің динамикасы**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2013 жылғы 4-тоқсанда заңды тұлғалар депозиттерінің көлемі 6183,5 млрд. теңгеге дейін 3,2%-ға төмендеді, бұл ретте жылдық көрсетудегі өсім (2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2013 жылғы желтоқсанда) 10,0% болды. Заңды тұлғалардың ұлттық валютамен депозиттері жылдық көрсетуде 2,9%-ға төмендеді, ал шетел валютасымен депозиттер 49,9%-ға ұлғайды (27).

27-график

**Занды тұлғалардың депозиттерінің өзгеру динамикасы (өткен жылғы тиісті кезеңге %)**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Жеке тұлғалардың депозиттерінің көлемі 2013 жылғы 4-тоқсанда 3905,1 млрд. теңгеге дейін 5,1% көтерілді, бұл ретте өсу жылдық көрсетуде 15,8% болды. Ұлттық валютадағы жеке тұлғалардың депозиттері жылдық көрсетуде 6,2%-ға артты, шетел валютасымен – 30,9%-ға ұлғайды (28).

28-график

**Жеке тұлғалардың депозиттерінің өзгеру динамикасы (өткен жылғы тиісті кезеңге %)**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі



### 3.2.2. Экономикаға кредиттер

2013 жылғы 4-тоқсанда экономикадағы банктердің кредиттері 11291,5 млрд. теңгеге дейін 3,3% өсті. Заңды тұлғалардың кредиттері 2013 жылғы қазан-желтоқсан үшін 7665,4 млрд. теңге болып, 2,4%-ға ұлғайды, жеке тұлғалар –3626,1 млрд. теңгеге дейін 5,2%-ға көтерілді.

Ұлттық валютадағы кредиттер көлемі 7936,7 млрд. теңгеге дейін 3,1%-ға дейін ұлғайды, шетел валютасымен – 3354,9 млрд. теңгеге дейін 3,5% өсті.

2013 жылғы қазан-желтоқсан үшін ұзақ кредиттеу 9161,4 млрд. теңгеге дейін 2,8% өсті, қысқа мерзімді кредиттеу 2130,2 млрд. теңге болып, 5,1%-ға көтерілді. Нәтижесінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 2013 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2013 жылғы желтоқсанда 81,5%-дан 81,1%-ға дейін төмендеді.

2013 жылғы желтоқсанда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша сыйақының орташа алынған мөлшерлемесі 2013 жылғы қыркүйектегі деңгейде (10,5%), ал жеке тұлғаларға теңгемен берілген кредиттер бойынша – 20,3% дейін (2013 жылғы қыркүйекте – 19,6%) сақталды. Тұтастай алғанда 2013 жылғы 4-тоқсанда заңды тұлғалар үшін қарыз алу құнының төмендеуіне негізделген мөлшерлемелердің төмендеу үрдісін атап көрсетті, мұнда жеке тұлғалар бойынша мөлшерлемелердің өсуі байқалды (29).


Кредиттеу объектілері бойынша кредиттер құрылымында берешектің көлемі айналым қаражатын сатып алуға (25,1%), басқа мақсаттарға (22,9%), азаматтардың тұтыну мақсаттарына (19,5%), сондай-ақ жаңа құрылысқа және қайта құруға (12,6%) берілген кредиттерге тиесілі.

Салалық бөлікте банктердің экономикадағы кредиттер бойынша ең көп берешегі басқа салаларға (өндірістік емес сала және жеке қызмет) – 49,2%, сауда – 19,5%, құрылыс – 12,3%, өнеркәсіп – 11,4% тиесілі.

2013 жылғы 4-тоқсан үшін байланысты кредиттеу 7,2%, көлік – 7,1%, сауда – 2,3%, ауылшаруашылығы – 8,4%-ға, өнеркәсіп – 2,0%-ға көтерілді. Құрылысты кредиттеу 1,4%-ға төмендеді.

29-график

#### Экономикаға кредиттер және олар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің динамикасы




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Заңды тұлғалардың кредиттерінің көлемі жылдық көрсетуде (2012 жылғы желтоқсанға 2013 жылғы желтоқсан) 7,9%-ға көтерілді. Кредиттер құрылымында орналастыру мерзімдері бойынша өзгерістер болды. Заңды тұлғаларды кредиттеудің жалпы көлемінде орташа- және ұзақ мерзімді кредиттердің үлесі 2013 жылғы желтоқсанның аяғында 74,6% болды, 2013 жылғы қыркүйекте ол 75,1%-ға жетті.

Заңды тұлғалардың ұлттық валютамен кредиттері 2013 жылы 1,4%, шетел валютасымен – 21,0%-ға ұлғайды (30).

30-график

**Заңды тұлғаларға берілген кредиттердің динамикасы  
(өткен жылғы тиісті кезеңге %)**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Жеке тұлғалардың кредиттері 2013 жылғы желтоқсанда 2012 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 27,0%-ға көтерілді. Жеке тұлғаларды кредиттеудің жалпы көлеміндегі орташа- және ұзақ мерзімді кредиттердің үлесі 2013 жылғы желтоқсанның аяғында аздап төмендеді және 2013 жылғы қыркүйектегі 95,2%-бен салыстырғанда 95,0% болды.

Халыққа кредит беру құрылымында ұлттық валютамен кредиттер 36,0%-ға артуды, ал шетел валютасымен – 10,2%-ға төмендеуді көрсетті (31).

31-график

**Халыққа берілген кредиттердің динамикасы  
(өткен жылғы тиісті кезеңге %)**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


**3.2.3. Банктердің активтері мен міндеттемелері**

– **Активтер**

2013 жылғы 4-тоқсанда монетарлық шолуға сәйкес есептелген банктердің активтерінің мөлшері 20,4 трлн. теңгеге дейін 4,4%-ға ұлғайды. Банктердің активтері жылдық көрсетуде (2012 жылғы желтоқсанға 2013 жылғы желтоқсан) 14,5%-ға ұлғайды (32).

32-график

**Банктердің активтерінің динамикасы, млрд. теңге**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


Банктердің сыртқы активтері 2013 жылғы желтоқсанда активтердің жалпы көлемінің 19,7% иеленді немесе 4,0 трлн. теңге болды. 2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда олар 21,6%-ға көтерілді.

Сыртқы активтердің құрылымында 2013 жылғы желтоқсанда резидент еместерге берілген кредиттер 49,1% (2013 жылғы қыркүйекте – 45,2%), резидент еместерде орналастырылған депозиттер – 27,9% (29,9%), резидент еместердің бағалы қағаздары – 5,3% (5,8%), алуға басқа да кредиттер – 17,6% (19,1%) болды.

Ішкі активтердің үлесіне 2013 жылғы желтоқсанда 80,3% немесе 16,4 трлн. теңге тиесілі, оның ішінде ұлттық валютамен ішкі активтер 72,9% немесе 12,0 трлн. теңге, шетел валютасымен – 27,1% немесе 4,5 трлн. теңге болды. 2013 жылғы 4-тоқсанда ішкі активтер 4,0%-ға ұлғайды, оның ішінде ұлттық валютамен 4,7%-ға көтерілді, шетел валютасымен – 2,3%-ға көтерілді (33).

33-график

**Банк активтерінің құрылымы, %**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**– Міндеттемелер**

2013 жылғы 4-тоқсанда монетарлық шолуға сәйкес есептелген банктердің міндеттемелерінің жалпы сомасы 1,8%-ға ұлғайды және желтоқсанның аяғында 13,1 трлн. теңге болды (34).

34-график

**Банктердің міндеттемелерінің динамикасы, млрд. теңге**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелері 2013 жылғы желтоқсанда 2013 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 1,3 трлн. теңгеге дейін (8,7 млрд. АҚШ долл.) 2,1%-ға төмендеді, 2012 жылғы тиісті айға 16,8%-ға төмендеді. 2013 жылғы желтоқсанның аяғында банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелері банктердің міндеттемелерінің барлық көлемінің 10,2% иеленіп отыр.


Банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелері құрылымында резидент еместердің депозиттері бойынша міндеттемелердің үлесі 2013 жылғы желтоқсанда 2013 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 18,2%-дан 20,5%-ға дейін көтерілді, бағалы қағаздар бойынша міндеттемелердің үлесі 65,0%-дан 62,1%-ға дейін төмендеді, резидент еместерден алынған кредиттер, тиісінше 15,2%-дан 15,3%-ға дейін көтерілді.

2013 жылғы 4-тоқсанда резидент еместер алдындағы міндеттемелер 11,8 трлн. теңгеге дейін 2,2%-ға көтерілді, оның ішінде ұлттық валютамен міндеттемелер 8,0 трлн. теңгеге дейін 3,1% көтерілді, шетел валютасымен міндеттемелер 3,8 трлн. теңгеге дейін 0,4% өсті (35).

Осылайша, 2013 жылғы 4-тоқсанда банктердің міндеттемелер бойынша резидент еместер алдындағы міндеттемелердің ұлғаюы және резидент еместер алдындағы міндеттемелерінің төмендеуі байқалды.

35-график

**Банктердің міндеттемелерінің құрылымы, %**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


**3.2.4. Қаржы нарығындағы мөлшерлемелер**

2013 жылғы 4-тоқсанда банкаралық нарықта мөлшерлемелер деңгейінің артуы байқалды.

KazPrime индикаторы орташа алғанда 2013 жылғы 3-тоқсандағы 5,78%-дан орташа алғанда 2013 жылғы 4-тоқсанда 6,57%-ға дейін өсті. Бұл ретте 2013 жылғы желтоқсанның аяғында 2013 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда индикатордың деңгейі өзгерген жоқ – 6,50% (36).

36-график

**KazPrime индикаторының динамикасы және ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі, %**



Дерек көзі: Қазақстан Қор Биржасы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Автоматты РЕПО секторында мөлшерлемелер деңгейінің артуы байқалды.


Автоматты РЕПО секторында 1 күндік операциялар бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2013 жылғы 4-тоқсанда өсті және 3,18% (2013 жылғы 3-тоқсанда – 2,81%) болды. Бұл ретте оның ең жоғары деңгейі 28,85%, ал ең төменгі деңгейі – 0,07% болды.

2013 жылғы 4-тоқсанда 7 күндік РЕПО операциялары бойынша мөлшерлемелердің ауытқулары 1,73%-17,13% (жалпы осы кезеңде орташа алынған мөлшерлеме 6,67% болды), 14 күндік РЕПО операциялары бойынша – 2,45% - 19,02% (жалпы осы кезеңде орташа алынған мөлшерлеме 6,53% болды), 28 күндік РЕПО операциялары бойынша – 3,50% - 12,73% (жалпы осы кезеңде орташа алынған мөлшерлеме 8,08% болды) аралығындағы диапазонда өтті (37).

Автоматты РЕПО секторындағы мәмілелер көлемі 2013 жылғы 4-тоқсанда өткен тоқсанмен салыстырғанда 5,8%-ға төмендеді.

37-график

**РЕПО операциялары бойынша мөлшерлемелер динамикасы, %**



Дерек көзі: Қазақстан Қор Биржасы




## 4. Ақша-кредит саясатының құралдары мен операциялары

2013 жылғы 4-тоқсанда Ұлттық Банктің мөлшерлемелер дәлізі өзгерген жоқ. Ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі жылдық 5,5% деңгейінде сақталды. Банктерден тартылған депозиттер бойынша мөлшерлемелер де өзгерген жоқ: 7-күндік депозиттер бойынша мөлшерлеме 0,5%, 1-айлық депозиттер бойынша – 1,0% болды.

2013 жылғы 4-тоқсанда еркін теңгелік өтімділік көлемінің төмендеуі аясында, әсіресе әрбір тоқсанның екінші айына келетін салықтық төлемдер кезеңінде ақша нарығындағы құбылмалылықтың күшеюі байқалды. Бұл пайыздық мөлшерлемелер динамикасында күрт өзгеруге тап болды. Орташа алғанда 2013 жылғы 4-тоқсанда мөлшерлемелердің деңгейі қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінің деңгейіне жақын болды, кейбір кезеңдерде одан асып кетті. Мерзімі 30 күнге дейінгі банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2013 жылғы 3-тоқсандағы 1,31%-дан 2013 жылғы 4-тоқсандағы 1,54%-ға дейін өсті. Мерзімі 7 күндік банкаралық РЕПО операциялары бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2013 жылғы 3-тоқсандағы 6,29%-дан 2013 жылғы 4-тоқсанда 6,67%-ға дейін ұлғайды (38).

38-график

### Ұлттық Банк мөлшерлемелері дәлізінің шекаралары, %




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2013 жылғы 4-тоқсанда банктердің корреспонденттік шоттарындағы қалдық динамикасы Ұлттық Банкте түрлі бағытта болды. Банктердің ұлттық валютамен корреспонденттік шоттарындағы қалдықтары 2013 жылғы қазанда біршама төмендеді, 2013 жылғы қараша-желтоқсанда олардың көлемі біршама ұлғайды. Банктердің шетел валютасымен корреспонденттік шоттарындағы қалдықтар кезең бойы біртіндеп төмендеді. Жалпы ұлттық валютамен корреспонденттік шоттардағы қалдық көлемі 2013 жылғы желтоқсанның аяғында 2013 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 13,7%-ға ұлғайды, шетел валютасымен – 14,8% төмендеді (39).

39-график

**Банктердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттардағы қалдықтары, млрд. теңге**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


**4.1. Ішкі валюта нарығындағы интервенциялар**

2013 жылғы 4-тоқсанда Қазақстан қор биржасының валюта сегментінде және банкаралық валюта нарығында сауда-саттықтың жалпы көлемі 2013 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 1,0% төмендеп 23,0 млрд. АҚШ долларын құрады.

Қазақстан қор биржасында доллармен позицияда биржалық сауда көлемі 2013 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 3,3% төмендеді және 16,5 млрд. АҚШ долл. құрады (Қазақстан қор биржасында сауда-саттықтың нетто-көлемі 81% брутто-көлем). Биржадан тыс валюта нарығында 2013 жылғы 3-тоқсандағы операция көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 5,4% ұлғайды және 6,4 млрд. АҚШ долл. құрады (40).

40-график

**Ішкі валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі, млрд. АҚШ долл.**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2013 жылғы 4-тоқсанның қорытындысы бойынша Ұлттық Банктің Қазақстан қор биржасына қатысу коэффициенті 5,6% (2013 жылғы 3-тоқсанда ол 16,2% болған) (41). Осылайша, 2013 жылғы 4-тоқсанда Ұлттық Банк ішкі валюта нарығында шетел валютасын басымды сатушы болып табылған.

41-график

**Ұлттық Банктің Қазақстан қор биржасындағы қатысу коэффициенті, %**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**4.2. Ең төменгі резервтік талаптар**

2013 жылғы қазан-желтоқсан үшін резервтік активтер резервтеудің қажетті көлемінен орташа алғанда 2,3 есе (2013 жылғы 3-тоқсанда – 2,4 есе, 2012 жылғы 4-тоқсанда – 3,1 есе) асып кетті (42).

42-график

**Ең төменгі резервтік талаптар нормативінің орындалуы, млрд. теңге**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**4.3. Ашық нарық операциялары**

2013 жылғы 4-тоқсанда Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарына банктер тарапынан сұраныс төмен болып қалып отырды. Осы кезеңде бір ғана аукцион өтті (2013 жылғы қазанда), аукционда айналым мерзімі 3 айлық мерзімімен қысқа мерзімді ноттар 2,0 млрд. теңге көлемде орналастырылды. Шығарылған қысқа мерзімді ноттардың көлемі 2013 жылғы 4-тоқсанда 2013 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда 7,2 есе азайды. Орналастырылатын ноттар бойынша орташа алынған кірістілік 2013 жылғы 3-тоқсанда 1,36%-дан 2013 жылғы 4-тоқсанда 2,17%-ға дейін өсті (43).

43-график

**Қысқа мерзімді ноттарды орналастыру көлемі және олар бойынша кірістілік (кезең үшін)**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2013 жылғы желтоқсанның аяғында айналымдағы қысқа мерзімді ноттардың көлемі 3,6 млрд. тенге болады, бұл 2013 жылғы қыркүйектің аяғындағы көлемнен 4,6 есе аз (44).

44-график

**Айналыстағы қысқа мерзімді ноттар, млрд. тенге (кезең аяғында)**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


#### 4.4. Тұрақты механизмдер

2013 жылғы 4-тоқсанда алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда банктерден тартылған депозиттердің көлемі азайған. Бұл ретте банктердің депозиттер тартудың барынша көп көлемі қарашада және желтоқсанда тіркелген. Жалпы, 2013 жылғы 4-тоқсанда 304,0 млрд. теңге сомаға депозит тартылған, бұл 2013 жылғы 3-тоқсандағы көлемнен 19,9% аз және 2012 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 1,7% есе аз.

Депозиттер бойынша сыйақының орташа мөлшерлемесі 2013 жылғы 3-тоқсанда 0,69%-дан 2013 жылғы 4-тоқсанда 0,65%-ға дейін төмендеді (45).

45-график

#### Ұлттық Банк тартқан депозиттер бойынша сыйақы көлемі және мөлшерлемелері (кезең ішінде)




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2013 жылғы 4-тоқсанда банктердің депозиттері бойынша Ұлттық Банктің өтелмеген міндеттемелерінің көлемі төмендеді. 2013 жылғы желтоқсанның қорытындысы бойынша банктердің Ұлттық Банктегі депозиттері бойынша өтелмеген берешек көлемі 36,0 млрд. теңге болды, бұл 2013 жылғы қыркүйектің аяғындағы көлеммен салыстырғанда 22,0 есе көп (46).

46-график

**Ұлттық Банктің банктерден тартылған депозиттері бойынша өтелмеген міндеттемелерінің көлемі, млрд.теңге (кезең аяғында)**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұлттық Банк айықтыру операцияларын жүргізумен қатар 2013 жылғы 4-тоқсанда банктік секторға қайта қаржыландыру қарыздары арқылы қысқа мерзімді теңгемен өтімділік ұсынуды жалғастырды. 2013 жылғы 4-тоқсанда қайта қаржыландыру қарыздарының жалпы көлемі 2,0 трлн. теңге болды. Осы операциялардың көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда 13,2% ұлғайды (47).

47-график

**Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру қарыздарының көлемі, млрд. теңге (кезең ішінде)**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі



2013 жылғы желтоқсанның аяғында қайта қаржыландыру қарыздары бойынша өтелмеген берешек көлемі 545,4 млрд. теңгені құрады (48).

48-график

**Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру қарыздары бойынша өтелмеген міндеттемелерінің көлемі, млрд. теңге (кезең аяғында)**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі